



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ
«ӘЛКЕЙ МАРҒҰЛАН АТЫНДАҒЫ ПАВЛОДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ**

БЕКІТЕМІН

Ә. Марғұлан атындағы Павлодар
педагогикалық университетінің
Басқарма Төрағасы-ректормы



Ж.О. Жилбаев
2023ж.

**«ӘЛКЕЙ МАРҒҰЛАН АТЫНДАҒЫ ПАВЛОДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ 8D015 –ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНДЕРІ
БОЙЫНША ПЕДАГОГТАРДЫ ДАЯРЛАУ (6D011300/ 8D01550 -
БИОЛОГИЯ) БАҒЫТТЫ БОЙЫНША ФИЛОСОФИЯ ДОКТОРЫ (PHD)
ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕСІ**

Павлодар, 2023

МАЗМҰНЫ

1.	Жалпы ережелер.....	3
2.	Нормативтік сілтемелер.....	3
3.	Анықтамалар мен қысқартулар.....	3
4.	Диссертациялық кеңестердің қызметін ұйымдастыру.....	4
5.	Диссертациялық кеңестің функциялары	7
6.	Диссертациялық кеңестердің қызметін қаржыландыру тәртібі.....	18

1. Жалпы ережелер

«Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті» КеАҚ Диссертациялық кеңес туралы Ережесі (ары қарай - Ереже) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің (қазіргі: Ғылым және жоғары білім министрлігі) Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті (қазіргі: Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті) төрағасының және Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің Басқарма төрағасы-ректорының бұйрығына сәйкес «Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы жанынан құрылған диссертациялық кеңестердің қызметін ұйымдастыруды және функцияларын анықтайды.

2. Нормативтік сілтемелер

2.1 Ереже Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 31.03.2011 ж. №126 бұйрығымен (09.03.2021ж. өзгертулерімен және толықтыруларымен) бекітілген Диссертациялық кеңес туралы үлгі ережесіне және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 31.03.2011ж. №127 (09.03.2021ж. өзгерістерімен және толықтыруларымен) бұйрығымен бекітілген Дәрежелер беру ережесіне сәйкес әзірленген.

2.2 Директорлар кеңесінің 06.10.2021 ж. №3 хаттама шешімімен бекітілген «Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті» КеАҚ ішкі нормативтік құжаттарының жіктеуіші.

2.3 «Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті» КеАҚ ОПК орындайтын оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми-зерттеу жұмыстарының көлемін есептеуге арналған уақыт нормалары.

2.4 Шетелдік мамандарды тарту ережесі мен оларды тарту шығындарын өтеу тәртібі.

2.5 «Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті» КеАҚ Жарғысы.

3. Анықтамалар мен қысқартулар:

Ережеде келесі анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:

Диссертациялық кеңес - докторанттардың диссертациялық жұмыстарын қорғауды жүргізетін және Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің (бұдан әрі - Комитет) алдында философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін беруді қолдап ұсыныс түсіретін алқалы орган.

Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор – ғылыми-педагогикалық бағыт немесе кәсіптік қызметтің тиісті саласы бойынша докторантура бағдарламасын меңгерген және Қазақстан Республикасында

немесе одан тысқары жерде диссертация қорғаған тұлғаларға берілетін, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен танылған дәрежелер.

«ҰМҒТСО» АҚ – «Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы» Акционерлік Қоғамы.

4. Диссертациялық кеңестердің қызметін ұйымдастыру

4.1 Диссертациялық кеңестер 3 (үш) күнтізбелік жылға құрылады және университетте мамандарды даярлау бағыттары бойынша тиісті жағдайлар бар болғанда жұмыс істейді:

1) докторантура бағдарламасы бойынша білім беру қызметін жүргізуге арналған лицензия және (немесе) лицензияға қосымша;

2) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 22-бабының 2-тармағына сәйкес Білім беру бағдарламаларының тізбесінде докторантураның білім беру бағдарламалары;

3) Заңның 5-бабының 10) тармақшасына сәйкес Аккредиттелген білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізілген докторантураның аккредиттелген білім беру бағдарламалары;

4) Заңның 5-бабының 2-1) тармақшасына сәйкес бөлінетін оқытудың 1, 2 және 3 жылына мемлекеттік білім беру тапсырысы болған жағдайда жұмыс істейді.

4.1.1 Диссертациялық кеңестер кадрлар даярлау бағыттары бойынша, сондай-ақ олардың дербестік деңгейін қатар олардың өзара шарттылығы мен өзара байланыстылық дәрежесін міндетті түрде ескере отырып, нақты білім беру бағдарламасы (мамандығы) бойынша құрылуы мүмкін.

4.2 Диссертациялық кеңестің құрамына ғылыми дәрежесі (ғылым кандидаты, ғылым докторы, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар кемінде 6 (алты) адам кіреді.

Диссертациялық кеңес мүшелерінің кемінде 50% (елу) басқа жоғары оқу орындарының, ғылыми және (немесе) басқа ұйымдардың өкілдері болып табылады.

Диссертациялық кеңестің құрамында мүшелерінің 50% (елу), оның ішінде төраға, төраға орынбасары және ғалым хатшы тұрақты мүшелер болып табылады.

Диссертациялық кеңестің құрамында мүшелерінің 50% (елу) докторлық зерттеу тақырыбына байланысты докторанттың қорғау кезеңіне уақытша тағайындалады.

Диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері ретінде докторанттың ғылыми кеңесшілері, сондай-ақ докторантпен және оның ғылыми кеңесшісімен үлестес тұлғалар:

1) жақын туыстары – ата-анасы, балалары, асырап алушылары, асырап алған балалары, аға-інісі мен әпке-сіңлісі, қарындастары, аталары, әжелері, немерелері, жұбайы немесе зайыбы, жекжаттары;

2) докторант немесе ғылыми кеңесші еңбек қатынасында немесе олардан қаржылық немесе өзге де ресурстар алуды көздейтін басқа да қатынастарда тұрған ұйымдардың қызметкерлері;

3) соңғы 3 (үш) жыл ішінде бірге жариялаған мақалалар және шолулар тең авторлары тағайындалмайды;

4) диссертациялық жұмыс орындалған құрылымдық бөлімшенің (және/немесе ұйымның) қызметкерлері.

Диссертациялық кеңестің тұрақты мүшелері бір мезгілде Университетте жұмыс істейтін басқа диссертациялық кеңестердің құрамында бола алмайды.

Төраға мен Ғалым хатшы Университеттің штаттық қызметкерлері болуы тиіс.

4.3 Диссертациялық кеңестің құрамына:

1) университеттің Басқарма Төрағасы- ректоры;

2) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің қызметкерлері;

3) соңғы 5 (бес) жылда диссертацияның мазмұны бойынша Комитеттің теріс шешімін алған диссертациялар бойынша ғылыми консультанттар, жетекшілер болған мамандар кірмейді

4.4 Докторантураның білім беру бағдарламасы (мамандығы) бойынша Диссертациялық Кеңестің құрамына ғылыми дәрежесі (ғылым кандидаты, ғылым докторы, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) бар жетекші ғалымдар, сарапшылар және практик-мамандар қатарынан кемінде 6 (алты) адам кіреді.

Диссертация мүшелерінің кемінде 1/2 жартысы басқа жоғары оқу орындарының, ғылыми және (немесе) басқа ұйымдардың өкілдері болып табылады. Кеңес мүшелерінің бірі ғылыми дәрежесі немесе оған теңестірілген қауымдастырылған профессор (доцент)/профессор ғылыми атағы бар және мынадай талаптарға жауап беретін шетелдік ғалым болып табылады: осы зерттеу саласында ғылыми зерттеулермен белсенді айналысу және ақпараттық компанияның дерекқорында нөлдік емес импакт-факторы бар журналдарда соңғы 5 жылда кемінде 5 жарияланым болуы Clarivate Analytics (Web of Science Core Collection) және Хирш индексі жаратылыстану-ғылыми бейіндегі диссертациялық кеңестер үшін кемінде 3 және соңғы 5 жылда журналдарда кемінде 2 жарияланым, Clarivate Analytics (Web of Science Core Collection) және/немесе Scopus ақпараттық компаниясының дерекқорында индекстелетін және диссертация үшін Хирш индексі кемінде 1

4.5. Диссертациялық кеңестің тұрақты құрамы және ондағы өзгерістер, сондай-ақ кеңестің төрағасы, төраға орынбасары және ғалым хатшысы ЖОО-ның Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде ректордың бұйрығымен бекітіледі.

4.6 Университет қамтамасыз етеді:

1) диссертациялық кеңестің отырыстарын және диссертацияларды ашық түрде қорғауды өткізу үшін қажетті жағдайлармен, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, бағдарламалық және техникалық құралдарды пайдалану арқылы;

2) диссертациялардың мәтінді пайдалануды анықтаудың лицензиялық жүйелерінде, оның ішінде халықаралық деректер базалары бойынша тексерілуін қамтамасыз етеді. ЭАОО-лар Плагиатқа тексеру жөніндегі комиссияның болуын қамтамасыз етеді;

3) диссертациялық кеңестің қызметіне байланысты шығыстарды өтеу, оның ішінде диссертациялық кеңес мүшелерінің іссапар шығыстарын университет есебінен өтеу.

4.7 Докторантураның білім беру бағдарламасын теориялық оқытудың толық курсы менгерген, бірақ ДҒЗЖ (ЭҒЗЖ) орындамаған докторантқа ДҒЗЖ (ЭҒЗЖ) академиялық кредиттерін қайта игеруге және кейінгі жылдары диссертацияны ақылы негізде қорғауға мүмкіндік беріледі.

Докторантураның білім беру бағдарламасын теориялық оқытудың толық курсы менгерген, докторлық диссертацияны орындаған, бірақ докторлық диссертацияны қорғамаған докторантқа оқу нәтижелері мен академиялық кредиттер тегін негізде бітіргеннен кейін екі жыл ішінде, ал кейінгі жылдары ақылы негізде кемінде 4 академиялық кредит көлемінде диссертация қорғауға мүмкіндік беріледі.

Бұл ретте бітіргеніне 3 жыл өткеннен кейін докторант диссертациялық зерттеудің ғылыми негіздемесі (research proposal) ақылы негізде қайта бекітілгеннен кейін ғана қорғалады.

4.8 Нақты білім беру бағдарламасы (мамандығы) бойынша диссертациялық кеңестің жабылуына негіз болатын себептер:

- докторантураның тиісті кадрларын даярлаудың бағыты бойынша білім беру қызметін жүргізу құқығына берілген лицензиядан айыру;
- докторантураның білім беру бағдарламасын аккредиттеу мерзімінің аяқталуы.

Осы Ережеде белгіленген талаптарды 3 (үш) реттен артық бұзған жағдайда диссертациялық кеңестің төрағасы, орынбасары және ғалым хатшысы ауыстырылады.

4.9 Диссертациялық кеңес құру туралы ақпарат Басқарма төрағасы-ректордың бұйрығы шыққан күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде университеттің интернет-ресурсында орналастырылады.

Диссертациялық кеңес құрылған күннен бастап бір ай ішінде университет ол туралы ақпаратты Комитетке ұсынады (1-Қосымша).

4.10 Диссертациялық кеңес отырыстарының кестесі күнтізбелік жылға жасалады және Басқарма төрағасы-ректордың бұйрығымен бекітіледі. 1 (бір) күн ішінде 2 (екі) отырыстан көп өткізілмейді.

4.11 Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінде плагиат мәніне диссертациялық жұмыстарды тексеру үшін «Антиплагиат.

Қазақстан» бағдарламалық кешені жұмыс істейді. Тексеру университеттің бейінді кафедрасының және (немесе) құрылымдық бөлімшесінің кеңейтілген отырысына дейін 10 (он) жұмыс күні бұрын аяқталады.

5. Диссертациялық кеңестің функциялары

5.1. Диссертациялық кеңестің функциялары:

- 1) диссертацияны қорғауға құжаттарды қабылдау;
- 2) диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін, қорғау күнін және ресми рецензенттерді тағайындау;
- 3) диссертациялық кеңес мүшелерінің құрамынан докторанттың авторы мен дереккөзіне сілтеме жасалмаған бөтен материалды пайдаланғанын (плагиат) тексеру үшін комиссия (бұдан әрі – Диссертациялық кеңестің комиссиясы) құру;

4) диссертацияның ашық түрде қорғауды өткізу;

5) диссертация бойынша шешім қабылдау.

5.2. Диссертациялық кеңестің мүшелері:

- 1) объективті, толық және дәйекті мәліметтерді ұсынады;
- 2) диссертация қорғауға қатысты деректерді жасыруға жол бермейді;
- 3) ғылыми этиканың бұзылу фактілеріне ден қояды;
- 4) шешім қабылдағанда қоғамдық пікірдің, тараптардың бірінің немесе үшінші тараптың әсеріне тәуелді болмайды;
- 5) мүдделер қақтығысының алдын алу және реттеу бойынша шаралар қабылдайды;

б) қызмет бабында кеңестің басқа мүшелерінің, докторанттардың, ғылыми кеңесшілер мен ресми рецензенттердің ары мен абыройына нұқсан келтіретін дөрекі, қорлайтын сөздерді, айыптауларды пайдаланбайды.

5.2 Тармақта көрсетілген талаптардың орындалмау фактілері анықталған жағдайда диссертациялық кеңестің мүшесі оның құрамынан шығарылады.

5.3. Күнтізбелік жыл аяқталған соң диссертациялық кеңес осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес Ереже бойынша диссертациялық кеңестің жұмысы туралы Комитетке есеп береді.

5.4 Диссертациялық кеңес жұмысты мемлекеттік /қазақ/орыс/ағылшын тілдерінде жүзеге асыра алады.

5.5. Диссертациялық кеңес докторанттың диссертациялық жұмыс немесе Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №127 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6951 болып тіркелген) бекітілген Дәрежелер беру қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 5-1-тармағының талаптарына сәйкес жарияланған мақалалар сериясы нысанында ұсынған диссертациясы қорғауын өткізеді.

5.6 Қорғауға құжаттарды қабылдауға дейін докторант оқыған ЖОО кафедрасының немесе құрылымдық бөлімшесінің ғылыми кеңесінің

кеңейтілген отырысында (бұдан әрі – кеңейтілген отырыс) диссертацияны алдын ала талқылауды өткізеді. ЖОО докторанттың кеңейтілген отырыс өткізілгеннен кейін диссертацияны талқылаудың басқа нысандарынан міндетті түрде өтуін талап етуіне жол берілмейді.

Кеңейтілген отырыстан 1 (бір) ай бұрын диссертация докторанттың ғылыми зерттеу саласы бойынша ғылыми дәрежесі (ғылым докторы, ғылым кандидаты, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе академиялық дәрежесі (философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар 2 (екі) маманға рецензияға жолданады.

Кеңейтілген отырысқа бейінді кафедра мүшелерінің кемінде 2/3 (үштен екісі), рецензенттер, құрылымдық бөлімшелердің ғылыми немесе академиялық кеңесінің мүшелері, ғылыми консультанттар, сондай-ақ ЖОО-ның бағыттас (саласы бойынша) кафедраларының және (немесе) құрылымдық бөлімшелерінің, ғылыми және басқа да ұйымдардың өкілдері, практик-мамандары (қолданбалы сипаты бар диссертациялар үшін) қатысады.

Кеңесшілер болмаған жағдайда докторанттың диссертациясы бойынша олардың пікірлерін отырыста кафедра немесе құрылымдық бөлімше басшысы/басшысының орынбасары немесе оның орынбасары оқиды.

5.7 Кафедраның және (немесе) ЖОО құрылымдық бөлімшесінің кеңейтілген отырысының теріс қорытындысы болған жағдайдан диссертация жөнделгеннен кейін қайта талқылауға түседі.

Қорғауға ұсыну немесе ұсынбау туралы диссертация бойынша қорытынды кафедраның және (немесе) құрылымдық бөлімшенің кеңейтілген отырысының хаттамасынан үзінді көшірме түрінде ресімделеді, оған отырыстың төрағасы мен хатшысы қол қояды. Қорытындыда зерттеу тақырыбының өзектілігі, ғылыми нәтижелер мен олардың негізділігі, ғылыми нәтижелердің практикалық және теориялық маңыздылығы, баспасөзде жариялануының толықтығы қамтылуы керек.

5.8 Кафедраның және (немесе) ЖОО құрылымдық бөлімшесінің кеңейтілген отырысының оң шешімін алғаннан кейін докторант Зерттеулерді этикалық бағалау жөніндегі комиссиядан өтеді. Құжаттар Комиссия отырысынан 5(бес) күн бұрын оның хатшысына электронды түрде келесі тізім бойынша тапсырылады:

- 1) Комиссия төрағасының атына жазылған өтініш;
- 2) докторанттың диссертациясы;
- 3) ғылыми кеңесшілердің пікірі;
- 4) диссертация орындалған кафедра және (немесе) құрылымдық бөлімшенің қорытындысы.

5.9 Басқа ЖОО докторантурасының түлегі Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің диссертациялық кеңесіне докторантура бітірген жерінің Этикалық комиссиясының анықтамасын ұсынуы тиіс (3 Қосымша).

5.10 Кафедраның және (немесе) құрылымдық бөлімшенің кеңейтілген отырысының және ЖОО Этикалық комиссиясының оң шешімін алған докторант жоғары оқу орнының басшысына өзінің ғылыми жұмысын қай диссертациялық кеңесте қорғайтынын көрсетіп өтініш береді. Егер докторант Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің диссертациялық кеңесін көрсеткен жағдайда, онда докторант оқыған ЖОО 10 (он) жұмыс күні ішінде оның құжаттарын университеттің диссертациялық кеңесіне жібереді.

5.11 Құжаттарды қабылдауды диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы жүзеге асырады, ол оларды 2 (екі) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде тіркейді және диссертациялық кеңеске ұсынады.

Диссертациялық кеңеске мынадай құжаттар ұсынылады:

1) қорғауға жіберу туралы диссертациялық кеңес төрағасының атына өтініш (4-қосымша);

2) қатты түптелген және электронды тасымалдағыштағы диссертация (егер диссертация диссертациялық жұмыс нысанында қорғалған жағдайда);

3) диссертацияның қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі аннотациясы, жалпы көлемі 1,0 б.т. қағаз және электрондық тасымалдағышта;

4) отандық және шетелдік ғылыми кеңесшілердің пікірлері;

5) білім беру бағдарламасының кеңейтілген отырысының оң қорытынды шешімі;

6) ғылыми еңбектерінің тізімі және олардың көшірмелері;

7) оқу/жұмыс орны куәландырған кадрларды есепке алу жөніндегі жеке іс парағы;

8) докторант оқыған ЖОО этикалық комиссиясының зерттеу объектілерінің (табиғат объектілері мен мекендеу ортасының)құқықтарын, қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қорғауды қоса алғанда, ғылыми зерттеулерді жоспарлау, бағалау, іріктеу, жүргізу және нәтижелерін тарату процесінде бұзушылықтардың жоқтығы туралы қорытындысы;

9) қорғауға жіберу туралы бұйрықтың көшірмесі;

10) докторантураның білім беру бағдарламасын игеру туралы транскрипт көшірмесі;

11) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі.

Басқа ЖОО докторантура түлектері құжаттар тізбесіне өз жоғары оқу орнының басшысы атынан Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті Басқарма Төрағасы-ректорының атына өтініш-хат ұсынуы тиіс. Қолдау хат Құжаттамалық қамтамасыз ету және мұрағат бөлімінде тіркеледі, содан кейін Басқарма төрағасы-университет ректорының шешімі негізінде тиісті диссертациялық кеңеске жіберіледі.

Диссертациялық жұмыс келесі тілдердің бірінде – қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінде ұсынылады.

Диссертацияны қорғауға қабылдау жөніндегі диссертациялық кеңестің отырысында Кеңестің тұрақты құрамы осы Ереженің 4.4-тармағының талаптарына сәйкес диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін

тағайындайды. Бұл ретте диссертациялық Кеңестің отырысына диссертациялық Кеңестің барлық уақытша мүшелері қатысуға тиіс.

5.12 Құжаттарды қабылдаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей диссертациялық кеңес диссертацияны қорғау күнін белгілеу керек және ғылыми дәрежесі (ғылым докторы, ғылым кандидаты, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD) академиялық дәрежесі, бейіні бойынша доктор және докторанттың зерттеу саласындағы кемінде 5 (бес) ғылыми мақаласы бар, бейіні бойынша доктор немесе доктор дәрежесі бар екі ресми рецензентті тағайындауы тиіс (PhD).

Диссертациялық кеңестің оң шешімі (қорғауға ұсыным) болған жағдайда, басқа ЖОО-ның докторанты Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің Басқарма төрағасы-ректорының атына «диссертацияны қорғауға рұқсат беру туралы» өтініш жазады. Басқарма төрағасы-университет ректоры өтінішіне қол қойғаннан кейін диссертациялық Кеңес қорғау күнін белгілейді.

Қорғау күні оны тағайындаған күннен бастап 3 (үш) айдан аспауы тиіс. Қорғау күнін белгілеу кезінде докторанттар құжаттарының тапсыру кезектілігі сақталады.

5.13 Диссертациялық кеңес ресми рецензенттерді тағайындау кезінде ресми рецензенттердің, ғылыми консультанттардың бір-біріне тәуелді болмау принципін басшылыққа алады.

Ресми рецензенттер болып тағайындалмайтындар:

- 1) Комитет қызметкерлері;
- 2) докторанттың диссертация тақырыбы бойынша жарияланған жұмыстарының тең авторлары;
- 3) диссертация орындалған және (немесе) докторант тапсырыс беруші немесе орындаушы (тең орындаушы) болып табылатын ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілген ЖОО-ның құрылымдық бөлімшелерінің және (немесе) ғылыми ұйымдардың басшылары және қызметкерлері;
- 4) соңғы 3 (үш) жылда диссертацияның мазмұны бойынша Комитеттің теріс шешімін алған диссертациялар бойынша оң қорытынды берген ғылыми консультанттар немесе ресми рецензенттер болған мамандар.

Диссертация ресми рецензентке ілеспе хатпен бірге жіберіледі.

5.14 Диссертациялық кеңес ЖОО-ның интернет-ресурсында докторанттардың қорғауы және кеңестің қызметі туралы келесі материалдарды (мемлекеттік құпияларды немесе қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтерді қамтитын материалдар мен диссертациялардан басқа) орналастырады:

1) докторант, диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері және ресми рецензенттер туралы ақпаратты, диссертацияны ұсыну нысаны, мекенжайы, күні мен уақытын (белгіленген қорғау күніне дейін 1 (бір) ай бұрын, тұрақты негізде қолжетімді болады) көрсете отырып, алдағы қорғау туралы хабарлама;

2) диссертация (қорғаудың белгіленген күніне дейін 1 (бір) ай бұрын), сондай-ақ оның диссертациялық кеңестің ескертулері бойынша титул

парағында тиісті белгілері бар пысықталған барлық нұсқалары (тұрақты негізде қолжетімді);

3) жалпы көлемі 15 беттен аспайтын қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі аннотация (қорғау күнінен 1 (бір) ай бұрын). Аннотацияда диссертация тақырыбы, зерттеудің мақсаты, зерттеу міндеттері, зерттеу әдістері, қорғауға ұсынылған негізгі ережелер (дәлелденген ғылыми гипотезалар және жаңа білім болып табылатын басқа да қорытындылар), негізгі зерттеу нәтижелерінің сипаттамасы, зерттеудің алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығы, ғылымды дамыту бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі, докторанттың әрбір басылымды дайындауға қосқан үлесін сипаттау негіздемесі көрсетіледі;

4) докторанттың жарияланымдарының тізімі (қорғау күнінен 1 (бір) ай бұрын);

5) ғылыми консультанттардың (қорғау күнінен 1 (бір) ай бұрын), қорғаудан кейін кемінде 5 (бес) ай ішінде қолжетімді пікірлері;

6) ресми рецензенттердің пікірлері (қорғау күніне дейін 5 (бес) жұмыс күні бұрын);

7) қорғаудың толық көлемдегі бейнежазбасы монтаждауға жол берілмейді (қорғаудан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады және қорғаудан кейін кемінде 5 (бес) ай бойы қолжетімді);

8) диссертациялық жұмысты пысықтауға, қайта қорғауға жіберу немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту туралы диссертациялық кеңестің қорытындысы (қорғаудан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады және қорғаудан кейін кемінде 5 (бес) ай ішінде;

9) апелляциялық комиссияның шешімі (бар болса, шешім қабылданғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады және шешім қабылданғаннан кейін кемінде 5 (бес) ай ішінде қолжетімді);

10) осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп (күнтізбелік жыл аяқталғаннан кейін 15 (он бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады);

11) философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежелерін беру (беруден бас тарту) туралы диссертациялық кеңестер қабылдаған шешімдер туралы тоқсандық есеп. Тоқсандық есеп тоқсан аяқталғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады және диссертациялық кеңестің жұмыс істеу кезеңінде қолжетімді (5-қосымша);

12) философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беру туралы дипломды беруді ұйымдастыру жөніндегі мәліметтер (ерекше мәртебесі бар ЖОО-лар жанындағы диссертациялық кеңестер үшін);

13) қорғаулар өткізу күнінің, уақытының, орнының өзгеруі және ресми рецензенттердің ауысуы туралы хабарландыру (болған жағдайда);

14) диссертациялық кеңестің құрамы туралы ақпарат және диссертациялық кеңес қызметінің тәртібі;

15) қолданыс мерзімдерін көрсете отырып, мәтінді пайдалануды анықтаудың лицензиялық жүйелерінің, оның ішінде халықаралық деректер базалары бойынша лицензиялық жүйелерінің бар болуы туралы ақпарат;

16) диссертациялық кеңес отырысын онлайн режимінде (онлайн) бейнеконференция түрінде ұйымдастыру туралы ақпарат.

5.15 Диссертацияны университеттің интернет-ресурсында орналастыру кезінде авторлық құқықты қорғау қамтамасыз етіледі, диссертация материалдарын заңсыз көшіруден және одан әрі пайдаланудан қорғау технологиялары қолданылады. Диссертация университеттің интернет-ресурсында жарияланғаннан кейін диссертация мәтініне өзгерістер енгізуге жол берілмейді. Диссертациялық жұмысты пысықтаған жағдайда оның соңғы нұсқасы философия докторы (PhD) немесе ғылым докторы ғылыми дәрежесін беру туралы шешім қабылданғаннан кейін университеттің интернет-ресурсында «Диссертациялық жұмыстың соңғы нұсқасы» деген белгімен орналастырылады.

Университеттің интернет-ресурсында диссертацияның мазмұнына бейресми шолуларды одан әрі қорғауға ұсыну арқылы орналастыруға болады. Авторлығын анықтау мүмкін емес және автордың электрондық поштасы жоқ бейресми шолулар қорғауға ұсынылмайды.

5.16 Алдағы қорғау туралы хабарламаны диссертациялық кеңес қорғауға жіберілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Комитетке жібереді, ол да Комитеттің интернет-ресурсында алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады.

5.17 Диссертациялық кеңес қорғауға қабылданғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде диссертацияны докторанттың отандық және халықаралық дерекқорлардағы плагиатқа тексеру үшін «ҰМҒТСО» АҚ жібереді. Титул беті мен пайдаланылған дереккөздер тізімі плагиатқа тексерілмейді. «ҰМҒТСО» АҚ диссертация мәтінінің келіп түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде өзінің интернет-ресурсында жалпыға қолжетімді игілікке орналастырылуын қамтамасыз етеді. Диссертация тұрақты негізде қол жетімді.

5.18 Қорғаудан кейін 7 (жеті) жұмыс күні ішінде диссертациялық жұмыстың электрондық тасығыштағы көшірмелерін диссертациялық кеңестің Ғалым хатшысы Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасына және Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасына береді. Диссертацияның қағаз және (немесе) электрондық жеткізгіштегі көшірмесі университеттің ғылыми кітапханасына беріледі.

5.19 Ресми рецензенттер диссертацияны және жарияланған жұмыстарды зерделеу негізінде осы Ережеге б-қосымшаға сәйкес нысан бойынша диссертациялық кеңеске жазбаша рецензиялар ұсынады.

Диссертация мақалалар топтамасы түрінде қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша мақалаларының ғылыми деңгейіне түсініктеме береді. Мақала мазмұнының 2/3 (үштен екісі) немесе одан да көп бөлігі докторанттың зерттеу тақырыбына қатысты болмаса, ресми рецензент оны есепке алмайды.

Пікірлерде ресми рецензенттер келесі шешімдердің бірін көрсетеді:

1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру (ерекше мәртебесі бар ЖОО жанындағы диссертациялық кеңесте қорғалған жағдайда) немесе Комитет алдында философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру үшін Комитетке ұсыныс жасау (ерекше мәртебесі жоқ ЖОО жанындағы диссертациялық кеңесте қорғалған жағдайда);

2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертацияны мақалалар сериясы түріндегі қорғау жағдайларын қоспағанда);

3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту.

Ресми рецензенттер рецензияларының көшірмелері докторантқа диссертация қорғауға дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей беріледі.

Ресми рецензенттерді ауыстыру жазбаша бас тартқан немесе қарау мүмкін болмаған жағдайда жүзеге асырылады. Ресми рецензентті ауыстыру туралы шешім 5 (бес) жұмыс күнінен аз уақыт ішінде қабылданса, қорғау күні кейінге қалдырылады.

5.20 ҰМҒТСО анықтамасында, ресми рецензенттердің пікірлерінде және ЖОО-ның интернет-ресурсындағы бейресми пікірлерде көрсетілген плагиат фактілері болған жағдайда Диссертациялық кеңестің комиссиясы диссертацияны плагиатқа тексереді. Тексеру нәтижелері туралы қорытынды диссертациялық кеңеске диссертация қорғауға дейін 8 (сегіз) жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі.

5.21 Диссертациялық кеңес Диссертациялық кеңес комиссиясының қорытындысы негізінде (қорғауға дейін кемінде 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірілмей) докторантты қорғауға жіберу туралы шешім қабылдайды немесе диссертацияны қорғаудан алып тастайды. Диссертациялық кеңес қабылданған шешім туралы докторантқа 2 (екі) жұмыс күні ішінде хабарлайды, сондай-ақ тиісті ақпарат ЖОО-ның интернет-ресурсында орналастырылады (мемлекеттік құпиялары бар және қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтерді қамтитын диссертацияларды қорғау жағдайынан басқа).

Докторанттың диссертациясын қорғауға дейін 7 (жеті) күннен кешіктірмей қорғаудан алып тастауға мүмкіндігі бар.

5.22 Диссертациялық кеңестің төрағасы, төраға орынбасары және ғалым хатшысы докторанттың ғылыми кеңесшілері болып табылған жағдайда, диссертацияны қарау кезінде диссертациялық кеңестің отырысында өз міндеттерін орындай алмайды. Диссертациялық кеңес төрағасының міндеттерін орындау диссертациялық кеңестің шешімімен төраға орынбасарына, төраға орынбасары мен ғалым хатшының міндеттерін орындау диссертациялық кеңестің шешімімен оның мүшелеріне жүктеледі.

Төраға, төраға орынбасары мен ғалым хатшы бір мезгілде болмаған жағдайда диссертациялық кеңестің отырысы өткізілмейді.

Диссертациялық кеңес диссертация қорғалуының толық көлемде бейнежазбаға түсірілуін қамтамасыз етеді, монтажға жол берілмейді.

5.24 Диссертациялық кеңестің отырысы егер оның жұмысына мүшелерінің кемінде 2/3-і (үштен екісі) қатысқанда заңды болып саналады. Ресми рецензенттердің және диссертациялық кеңестің уақытша тағайындалған мүшелерінің отырысқа қатысуы міндетті болып табылады.

Диссертациялық кеңес мүшелері және ресми рецензенттер қорғауға бейнеконференция нысанында қатыса алады.

Диссертацияны ашық қорғау интернет желісінде тікелей онлайн трансляция режимінде өтеді. Мемлекеттік құпияларды немесе қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтерді қамтитын диссертациялар қорғалатын жағдайда диссертациялық кеңес мүшелері мен ресми рецензенттердің бейнеконференция нысанында қатысуына, сондай-ақ интернетте трансляциялауға жол берілмейді.

Отырысқа практикалық саланың шақырылған мамандарының қатысуына жол беріледі (диссертация қолданбалы сипатта болса).

Диссертациялық кеңес докторантқа, диссертациялық кеңес мүшелеріне, ресми рецензенттерге диссертациялық кеңес отырысын бейнеконференция нысанында өткізетіні туралы электрондық пошта және кеңестің сайтында хабарлама беру арқылы диссертация қорғауға кем дегенде 5 (бес) жұмыс күні қалғанда хабарлайды.

Диссертациялық кеңес отырысты бейнеконференция нысанында өткізгенде:

отырысқа қатысатындардың визуалды идентификациясы;
интернет желісінде отырысқа қатысушылар сөздерінің үздіксіз бейне- және аудио трансляциясы;
отырыстың бейне- және аудиожазбасы;
диссертациялық кеңес мүшелерінің жасырын дауыс беруі қамтамасыз етіледі.

5.25 Диссертациялық кеңес келесі шешімдердің біреуін қабылдау үшін жасырын дауыс беруді жүргізеді:

1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру (ерекше мәртебесі бар ЖОО жанындағы диссертациялық кеңесте қорғалған жағдайда) немесе Комитет алдында философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру үшін Комитетке ұсыныс жасау (ерекше мәртебесі жоқ ЖОО жанындағы диссертациялық кеңесте қорғалған жағдайда);

2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация диссертациялық жұмыс нысанында қорғалған жағдайда ғана);

3) диссертацияны қайта қорғауға жіберу;

4) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден не Комитет алдында философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру үшін Комитетке ұсыныс жасаудан бас

тарту (ерекше мәртебесі жоқ ЖОО жанындағы диссертациялық кеңесте қорғалған жағдайда).

Диссертациялық жұмыс егер оны түзету жұмыстың мәнін өзгертпей, мәтін бойынша елеусіз ескертулер болған жағдайда пысықтауға ұсынылады. Егер диссертация Қағидалардың 4 және (немесе) 6-тармағына сәйкес келмесе және (немесе) Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген қағидаттарға (академиялық адалдық қағидатын қоспағанда) ішінара сәйкес келсе, онда ол қайта қорғауға жіберіледі. Академиялық адалдық қағидаты бұзылған немесе ғылыми жаңалық, ішкі бірлік, дәйектілік қағидаттарына сәйкес келмеген жағдайда диссертация философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту туралы шешім қабылданады.

5.26 Докторанттың ғылым консультанты, тікелей басшысы немесе жақын туысы болып есептелетін диссертациялық кеңестің мүшелері, сондай-ақ шақырылған мамандар дауыс беруге қатыспайды.

Жасырын дауыс беруде ресми рецензенттер қатысады, олардың дауыстары диссертациялық кеңес мүшелерінің дауыстарына тең.

Кеңестің философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру туралы шешімі, егер оған дауыс беруге қатысқандардың 3/4 (төрттен үші) және одан көбі дауыс берсе, қабылданды деп саналады.

Кеңестің философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту, диссертацияны пысықтауға не қайта қорғауға жолдау туралы шешімі, егер дауыс беруге қатысқандардың 2/3 (үштен екісі) және одан көбі дауыс берсе, қабылданды деп саналады. Егер дауыстар көрсетілген санға жетпесе, қайта дауыс беру өткізіледі, онда диссертацияны пысықтауға не, егер оған отырысқа қатысып отырған кеңес мүшелерінің көпшілігі дауыс берсе, қайта қорғауға жіберу туралы шешім қабылданады.

5.27 Диссертациялық кеңестің кейбір мүшелері диссертацияны қорғау отырысына бейнеконференция түрінде онлайн режимінде қатысса, олар электрондық жасырын дауыс беру жүйесі арқылы дауыс береді.

Диссертациялық кеңестің шешімі, егер отырысқа қатысқан диссертациялық кеңес мүшелерінің 2/3 (үштен екісі) немесе одан да көп бөлігі жақтап дауыс берсе, оң қабылданды деп есептеледі. Отырысқа қатысқан диссертациялық кеңес мүшелерінің 2/3 (үштен екі) бөлігінен кемі оң шешім үшін дауыс берсе, теріс шешім қабылданады.

5.28 Қайта қорғауға жіберу немесе философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту туралы шешім қабылданғанда диссертациялық кеңес диссертацияның осы ереженің, Қағидаларының қандай талаптарына сәйкес келмейтіндігі көрсетілген қорытынды жасайды.

Диссертациялық жұмысты қайта қорғау алдындағы қорғаудан 6 айдан кем емес уақыт өткенде осы ережеде белгіленген тәртіппен өткізіледі. Диссертациялық кеңестің уақытша құрамы және ресми рецензенттер сақталады. Диссертация қайта қорғауға 2 (екі) реттен артық жіберілмейді.

5.29 Диссертациялық кеңес пысықтауға жіберу туралы шешім қабылдаған кезде диссертациялық жұмысқа нақты ескертпелерді қамтитын қорытынды қабылдайды.

Пысықталған диссертациялық жұмыс диссертациялық кеңеске үш айлық мерзімде ұсынылады, оны 3 (үш) айдан артық мерзімге ұзартуға болмайды. Пысықтау мерзімін ұзарту туралы шешімді диссертациялық кеңес докторанттың өтініші негізінде қабылдайды. Егер пысықталған диссертациялық жұмыс белгіленген уақытта ұсынылмаса, докторант қайта қорғаудан өтеді.

Докторант диссертациялық кеңестің ескертулерімен толық не жартылай келіспейтін жағдайда ол берілген ескертулерге дәйектелген жауаптарын ұсынады.

Пысықталған диссертация ҰМҒТСО-ға плагиатқа тексеруге жіберіледі. ҰМҒТСО анықтамасын алғаннан кейін диссертациялық кеңес ресми рецензенттермен бірге пысықталған диссертациялық жұмысты және диссертациялық кеңестің ескертулерін жою мәніне ескертулерге жауаптарды (болған жағдайда) талқылау жөнінде отырыс өткізеді. Отырыс осы ереженің 32-тармағында белгіленген тәртіппен өткізіледі. Бұл ретте интернетте онлайн трансляциясыз отырыстың бейнежазбасы жүргізіледі.

Талқылаудан кейін жай көпшілік дауыспен жасырын дауыс беру арқылы дәреже беру немесе қайта қорғауға жіберу туралы шешім қабылданады.

5.30 Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы (ерекше мәртебесі жоқ ЖОО жанындағы) диссертациялық кеңесте докторлық диссертация қорғалғаннан кейін докторанттың аттестациялық ісін жинақтайды, ол Комитетке күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде жіберіледі. Докторанттың аттестаттау ісінде мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) диссертацияның ҰМҒТСО-ға жіберілген күні көрсетіліп, диссертациялық кеңес төрағасы қол қойған диссертациялық кеңес құрылған ЖОО бланкісінде ілеспе қолдаухаты (мемлекеттік құпияларды немесе қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтерді қамтитын диссертациялардан басқа);

2) электронды тасымалдағыштағы диссертация. Мемлекеттік құпияларды немесе қызмет бабында пайдалануға арналған мәліметтерді қамтитын диссертация да қағаз тасымалдағышта беріледі;

3) диссертация тақырыбы бойынша ғылыми жарияланымдар тізімі мен көшірмелері;

4) жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесі;

5) ҰМҒТСО-ның диссертацияның плагиатқа тексерілгені туралы анықтамасы. Мемлекеттік құпияларды немесе қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтерді қамтитын диссертация бойынша Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының прокуратура органдарына және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты әскери, арнайы оқу орындарындағы және (немесе) ғылыми ұйымдардағы

комиссияның диссертацияның плагиатқа тексерілгені туралы анықтамасы ұсынылады;

6) осы ережеге 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша диссертациялық кеңес мүшелерінің келу парағы;

7) диссертацияны қорғау жөніндегі және пысықталған диссертациялық жұмысты талқылау бойынша (қажет болғанда) диссертациялық кеңес отырысының толық көлемдегі бейнежазбасы және төраға мен ғалым хатшы қол қойған хаттамасы;

8) докторантураның кәсіптік оқу бағдарламаларын меңгергені туралы транскриптің көшірмесі;

9) осы ережеге 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша докторант туралы мәлімет.

1), 3), 4), 5), 6), 8) және 9) тармақшаларда көрсетілген құжаттар Комитетке "пдф (pdf)" файлы форматында сканерленген түрде ұсынылады (мемлекеттік құпияларды немесе қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтерді қамтитын аттестациялық істерден басқа).

5.31 Комитеттің немесе диссертациялық кеңестің теріс шешімі қабылданған диссертация қайта қорғауға осы ереженің 3-тарауында белгіленген тәртіппен ұсынылады.

Диссертация қайта қорғауға ұсынылған жағдайда диссертациялық кеңес диссертацияда бұдан бұрын орын алған бұзушылықтардың жойылуы туралы қорытынды жасау үшін диссертациялық кеңес мүшелерінен 3 (үш) адамды тағайындайды. Қорытынды ЖОО-ның интернет-ресурсында диссертацияны қорғауға дейін кемінде 10 (он) жұмыс күні бұрын орналастырылады және қорғауда оқылады.

5.32 Диссертациялық кеңестің теріс шешіміне апелляцияны докторант диссертация қорғалған ЖОО шешім шығарған күннен бастап 2 (екі) ай ішінде ерікті нысанда береді.

Апелляция тәртібін университет дербес бекітеді.

5.33 Апелляциялық комиссияның құрамы кемінде 5 (бес) адамнан тұрады, оның 2 (екеуі) диссертациялық кеңес мүшелеріне қойылатын талаптарға сай келетін Зерттеулерді қолдау департаментінің өкілдері және кадр даярлаудың тиісті саласының ғалымдары болып табылады. Құрамға осы диссертациялық кеңестің құрамына докторантпен байланысты ғылыми кеңесшілер, рецензенттер, диссертанттар, сондай-ақ мүшелері болып табылатын адамдар тағайындалмайды.

5.34 Апелляциялық комиссияның қорытындысы ашық дауыс беру негізінде қарапайым көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда апелляциялық комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Апелляция ерекше мәртебесі жоқ ЖОО жанындағы диссертациялық кеңестің шешіміне берілген жағдайда, апелляциялық комиссияның оң

қорытындысы және диссертация соңғы шешім қабылдау үшін күнтізбелік 15 (он бес) күннің ішінде Комитетке жіберіледі.

Апелляциялық комиссияның шешімі қабылданған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде докторантқа хабарланады және Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің интернет-ресурсында орналастырылады.

5.35 Осы Ережемен реттелмейтін, оның ішінде философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін беруден, апелляцияға беру мерзімін қалпына келтіруден бас тарту мәселелері бойынша даулар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген сот тәртібінде шешіледі.

6. Диссертациялық кеңестердің қызметін қаржыландыру тәртібі

6.1. Диссертациялық кеңестердің қызметін қаржыландыру қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес бекітілген сметаға сәйкес университеттің бюджеттен тыс қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

6.2 Диссертациялық кеңестердің ғылыми хатшылары жыл сайын диссертациялық кеңестердің жұмыс жоспары негізінде шығыстар сметасын жасайды.

6.3 Диссертациялық кеңес мүшелерінің және ресми рецензенттердің жүктемесін есептеу үшін бір диссертациялық жұмысты алдын ала қарауға және/немесе сараптауға, сондай-ақ оны қорғау рәсіміне қатысуға бөлінген уақыт болып табылады. Апелляциялық комиссия мүшелерінің жұмыс көлемін есептеу үшін талапкердің аттестаттау ісін және диссертациялық жұмысын сараптауға бөлінген уақыт болып табылады (7-қосымша).

Диссертациялық кеңес мүшелері үшін жалпы жұмыс көлемі диссертацияны алдын ала қарауға және/немесе сараптауға, сондай-ақ жалпы көлемі 1 (бір) талапкерге 1-ден (бір) академиялық сағат аспайтын диссертацияны қорғауға жұмсалған жұмыс уақытының ұзақтығына қарай белгіленеді.

Ресми рецензенттер үшін жалпы жұмыс көлемі жазбаша рецензия беру арқылы диссертацияны рецензиялауға және/немесе сараптауға, сондай-ақ жалпы көлемі 1 (бір) үміткерге 3 (үш) академиялық сағаттан артық аспайтын диссертацияны қорғауға жұмсалған жұмыс уақытының ұзақтығына қарай белгіленеді.

Бір ресми рецензент бір ай ішінде 2 (екі) жұмыстан артық емес рецензия береді.

6.4 Диссертациялық кеңес мүшелерінің, ресми рецензенттердің еңбекақысын төлеудің негізі олардың сағаттық ақы төлеуге жеке өтініші болып табылады. Диссертациялық жұмысты қорғағаннан кейін диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы 3 күн ішінде Зерттеулерді қолдау департаментіне диссертациялық кеңестің қорғауға арналған отырысқа қатысқан әрбір

мүшесінен диссертация және диссертацияға жазбаша пікір жазған ресми рецензенттер толтырылған сауалнаманы ұсынады.

Басқа ұйымдарды ұсынатын диссертациялық кеңес мүшелері (университет қызметкерлері емес) және басқа ұйымдарды (университет қызметкерлері емес) ұсынатын ресми рецензенттер үшін өтінішке келесі құжаттар тізбесі қоса беріледі:

- Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі /шетел азаматтары үшін төлқұжаттың көшірмесі/;

- кандидат/ғылым докторы, философия докторы (PhD) дипломының көшірмесі;


- IBAN шоты (20 таңбалы банк шоты) көрсетілген құжаттың көшірмесі.

6.5 Диссертациялық кеңестердің шетелдік мүшелерінің еңбегіне ақы төлеу «Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті» КеАҚ Шетелдік мамандарды тарту және шақыру бойынша шығындарды өтеу тәртібі туралы ережеге сәйкес жасалады.

6.6 Диссертациялық кеңес мүшелерінің және ресми рецензенттердің өтініштері диссертациялық кеңес төрағасымен келісіледі. Диссертацияның рецензиясын және/немесе сараптамасын жүргізілгені туралы мәлімдемені Зерттеулерді қолдау департаментінің директорымен келісіліп, Басқарма мүшесі – ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры бекітеді.

6.7. Егер университет докторантурасын бітірушінің диссертациясы ағылшын тілінде ұсынылса, қажет болған жағдайда диссертациялық кеңес аудармашы шақырады, оның еңбегіне ақы төлеу университеттің қолданыстағы нормативтік құжаттарына сәйкес жасалады.

Диссертациялық
кеңестің төрағасы _____  Б.К.Жумабекова

Диссертациялық
кеңестің ғылыми хатшысы _____  С.Ж.Кабиева

Диссертациялық кеңес
туралы ережеге 1-қосымша

Диссертациялық кеңес мүшелеріне үміткерлер туралы ақпарат

№	Т.А.Ә. (болған жағдайда) (мемлекеттік немесе орыс және ағылшын тілдерінде)	Дәрежесі, ғылыми атағы	Негізгі жұмыс орны	Азаматтығы	Халықаралық ақпараттық Webofscience (Вэб оф Сайнс) және Scopus (Скопус) базаларының деректері бойынша Хирш индексі	ClarivateAnalytics (Кларивэйт Аналитикс) компаниясының Journal Citation Reports (Жорнал Цитэйшэн Репортс) деректері бойынша бірінші үш квартильге кіретін немесе Scopus (Скопус) деректер базасында CiteScore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 35 (отыз бес) болатын басылымдарда жарияланымдар	Басылымдар тізбесіндегі журналдардағы жарияланымдар
1	2	3	4	5	6	7	8

Диссертациялық кеңес
туралы ережеге 2-қосымша
Нысан

Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп

«Өлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті» КеАҚ жанындағы

_____ кадрларды даярлау бағыты бойынша диссертациялық кеңес

Есеп мынадай мәліметтерді қамтиды:

1. Өткізілген отырыстар саны туралы деректер.
2. Отырыстардың жартысынан азына қатысқан диссертациялық кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса).
3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі.
4. Мынадай бөлімдері белгіленіп көрсетілген, есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:
 - 1) қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау;
 - 2) диссертация тақырыбының «Ғылым туралы» Заңның 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы;
 - 3) диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке ену деңгейін талдау.
5. Ресми рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).
6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.
7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға арналған диссертациялардың кадрларды даярлау бағыты бөлінісіндегі саны:
 - 1) қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының);
 - 2) қараудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының);
 - 3) рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының);
 - 4) қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының);
 - 5) пысықтауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының);
 - 6) қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының).

Диссертациялық кеңестің төрағасы _____
(қолы, тегі және аты-жөнінің бірінші әріптері)

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы _____
(қолы, тегі және аты-жөнінің бірінші әріптері)

Мөр Мерзімі 20__ жылғы «__» _____

Диссертациялық кеңес туралы
ережеге 3-қосымша

Этикалық комиссияның қорытындысы _____
(ЖОО атауы)

1.	Докторанттың ТАӘ	
2.	Докторантура мамандығы (білім беру бағдарламасы)	
3.	Докторантурада оқу кезеңі	
4.	Диссертация тақырыбы, бекіту мерзімі	
5.	Ғылыми кеңесшілер туралы деректер – Т.А.Ә. (болған жағдайда), жұмыс орны және лауазымы, ғылыми дәрежелері, азаматтығы	
6.	Зерттеу объектілері	
7.	Ғылыми зерттеулерді жоспарлау, бағалау, іріктеу және жүргізу процесіндегі бұзушылықтар	Бұзушылықтар анықталды немесе анықталмады. Анықталған жағдайда оларды көрсету қажет
8.	Ғылыми зерттеу нәтижелерін е тарату процесіндегі бұзушылықтар	Бұзушылықтар анықталды немесе анықталмады. Анықталған жағдайда оларды көрсету қажет
9.	Зерттеу объектілерінің (жанды табиғат пен тіршілік ортасының объектілері болғанда) құқықтарын, қауіпсіздігі мен саулығын қорғау қалай жүргізілді?	

Этикалық комиссияның төрағасы _____
(қолы, тегі және аты-жөнінің бірінші әріптері)

Этикалық комиссияның хатшысы _____
(қолы, тегі және аты-жөнінің бірінші әріптері)

4-қосымша

Әлкей Марғұлан атындағы ППУ жанындағы
Диссертациялық кеңес туралы ережеге 8-қосымша

20__ жылы _____
(базасында диссертациялық кеңес құрылған ұйым атауы)
базасында _____ мамандығы бойынша

(диссертациялық кеңес шифры)
философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін
құрылған диссертациялық кеңестің төрағасына

(аты-жөні)

Өтініш*

Сізден

_____ білім
(білім беру бағдарламасы(мамандық) атауы, шифры)
беру бағдарламасы бойынша доктор дәрежесін алу үшін
жазылған _____ тақырыбын
_____ дағы

(диссертация тақырыбы)
диссертациялық жұмысынды қарауға және қорғауға қабылдаунызды сұраймын.

Жұмыс қорғауға алғашқы рет (қайта) ұсынып отыр.

Менің жеке деректерімді аттестациялауға қосу және одан әрі өңдеуге келісемің. Арнайы көрсетілмеген жағдайлардан басқа қорғауға ұсынылған барлық деректер мен нәтижелер шынайы және түпнұсқа екендігін және жеке өзімнің алғандығымды растаймын.

Нөмірі, қолы

* Докторант өтініші қолмен жазылады

Диссертациялық кеңес
туралы ережеге 5-қосымша
Нысан

Философия ғылымдарының докторы (PhD), бейінді докторы дәрежелер беру (беруден бас тарту) туралы диссертациялық кеңестер қабылданған шешімдер туралы тоқсан сайынғы есеп

№	Докторанттың аты-жөні	Туған жылы	Докторантурада оқыған уақыты	ЖОО атауы	Диссертация тақырыбы	Ғылыми кеңесшілер ((Аты жөні.Ғылыми дәрежесі, жұмыс орны)	Ресми рецензенттер((Аты жөні.Ғылыми дәрежесі, жұмыс орны)	Қорғау уақыты	Диссертациялық кеңес пен (бар болған жағдайда) апелляциялық комиссияның қабылдаған шешімі	№ диплом
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
Мамандық бойынша Диссертациялық кеңес (кадрларды даярлау бағыты бойынша)										

Диссертациялық кеңестің төрағасы _____
(қолы, тегі және аты-жөнінің бірінші әріптері)

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы _____
(қолы, тегі және аты-жөнінің бірінші әріптері)

Мөр Мерзімі 20__ жылғы «__» _____

Диссертациялық кеңес
туралы ережеге б-қосымша
Нысан

Ресми рецензенттің жазбаша пікірі

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген. 4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	

		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	
7.	Қорғауға	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:	

	шығарылған негізгі қағидаттар	<p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар; 2) орташа; 3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	
		<p>8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p>	

		1) ия; 2) жоқ	
		8.4 Маңызды мәлідемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылайжаңа (25-75% жаңаболыптабылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңаболыптабылады)	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	

Диссертациялық кеңес
туралы ережеге
7-қосымша
Нысан

Диссертациялық кеңес мүшелерінің келу парағы

20__ жылғы «__» _____ диссертациялық кеңестің отырысы, хаттама № __

Докторант _____

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

_____ кадрларды даярлау бағыты бойынша диссертациясын қорғауы

Диссертациялық кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Дәрежесі	Отырысқа қатысуы (қолы)
1	2	3

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы _____

(қолы, тегі және аты-жөнінің бірінші әріптері)